

**Парламент Мәжілісі жанындағы Қоғамдық палата отырыстарының
«Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы»
Қазақстан Республикасы Заңының жобасын
талқылау қорытындысы бойынша
ҰСЫНЫСТАР**

2023 жылғы 2 маусымда VIII сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің жанындағы Қоғамдық палатаның отырысы өтті.

Қоғамдық палата мүшелері «Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы» Қазақстан Республикасы Заңы жобасының негізгі ережелерін талқылады.

ҚП мүшелері бүгінгі таңда ақпараттық саланың күн тәртібіндегі өзекті мәселелер: дәйексіз ақпаратқа қарсы күрес, блогерлердің құқықтық мәртебесі және олардың жауапкершілігі, блогерлер мен кәсіби журналистика қызметінің аражігін ажырату, онлайн-платформалар иелеріне қойылатын талаптарды ретке келтіру, оның ішінде мемлекеттік тілді интерфейстерге міндетті интеграциялау болып табылады деген пікір білдірді.

Сондай-ақ, блогерлердің, вайнерлердің парақшаларында, пабликтерде және телеграм-каналдарда орналастырылатын жарнаманы таңбалау, сондай-ақ өз қызметін міндетті түрде кәсіпкерлік заңнамаға сәйкес жүргізу маңызды аспектілер болып табылады.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің жанындағы Қоғамдық палата мыналарды **ҰСЫНУДЫ** орынды деп санайды:

Әлеуметтік-мәдени даму комитеті (бас комитет):

- заң жобасында блогер – азаматтық журналистиканың өкілі, ал инфлюенсер кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын тұлға екенін ескере отырып, «блогер» және «инфлюенсер» ұғымдарын бөлсін; осы ұғымдардың әрқайсысына нақты бірмағыналы анықтамалар берсін;

- «интернет-платформа» ұғымын нақтыласын және «интернет-платформа» ұғымының қайталануын және өзге де коллизияларын болғызбай, «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы», «Ақпараттандыру туралы» Заңдар мен Әлеуметтік кодекстің ұғымдық аппаратымен үндестірсін;

- Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде көзделген қолданыстағы бақылау шеңберінде онлайн-платформалар саласында мемлекеттік бақылау жүргізу мәселесін қарастырсын;

- жарнама саласындағы қолданыстағы бақылау саласымен қайталануды болғызбау мақсатында «Жарнама туралы» Заңға және Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жарнама саласындағы қолданыстағы бақылау шеңберінде онлайн-жарнама саласында мемлекеттік бақылау жүргізу мәселесін қарастырсын;

- адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтары Қазақстан Республикасы Конституциясының 39-бабында көрсетілген мақсаттарда ғана шектелуі мүмкін болғандықтан, онлайн-платформалар мен

пайдаланушылардың құқықтарын шектеуге жол беру қағидатын қайта қарасын, өйткені;

- заңда блогерлердің құқықтық мәртебесін: оның шарттарын, өлшемшарттарын, белгілерін, оны кім белгілейтіндігін, беру тәртібін, ресімдеуді егжей-тегжейлі жазсын;

- басқа осыған ұқсас ұғымдармен, оның ішінде платформалармен коллизияларды болғызбай, «лездік хабарлар алмасу сервисі» ұғымын нақтыласын; мұнда уәкілетті органның талабы бойынша пайдаланушылар арасында жеке хат алмасудың құпиялылығын қорғау дәрежесін және осы деректердің ашылу шегін анықтасын;

- барлық инфлюенсерлердің жария тізімін (тізілімін) жүргізу туралы мәселені олардың заңдағы өлшемшарттарын нақты айқындап қарастырсын;

- блогерлер өз мәлімдемелері үшін қандай қағидат бойынша жауап беретіндігіне ашық алгоритмдер әзірлесін және енгізісін;

- заң жобасының глоссарийінде «онлайн-платформа» ұғымын «әлеуметтік желіге» ауыстыру туралы ұсынысты қарастырсын, ол «пайдаланушы контентті жарнамалық материалдарды тарату мүмкіндігімен тұлғалардың беймәлім тобына арналған мәтіндік, графикалық, бейне және аудио формат түрінде жариялайтын, генерациялайтын және тарататын жеке парақшалар (аккаунттар), кәсіби парақшалар жасайтын интернет-сайт, мобильді қосымша»;

- заң жобасының глоссарийін «мессенджердегі және әлеуметтік желілердегі ақпараттық арна», «әлеуметтік желілердегі кәсіби парақша», «жаңалықтар материалдарының таргеттелген жарнамасы», «жұмыстардың, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің коммерциялық сипаттағы таргеттелген жарнамасы», «әлеуметтік желілер мен мессенджерлердегі саяси үгіттеу», «кәсіби парақшаның әкімшісі», «кәсіби парақшаның иесі» ұғымдарымен толықтыру мүмкіндігін қарастырсын;

- «блогер» ұғымы мынадай редакцияда жазылсын: «әлеуметтік желілердегі аккаунтты немесе кәсіби парақшаны, мессенджердегі арнаны жүргізетін, жаңалықтар материалдарын жариялайтын, сондай-ақ өзінің бірегей контентін генерациялайтын, әлеуметтік желілер пайдаланушылардың контентін және мессенджерлер жариялайтын тұлға»;

- «инфлюенсер» ұғымы мынадай редакцияда жазылсын: «аккаунтты басқаратын, өзінің контентін жариялайтын, қоғамдық пікірге әсер ететін, жарнама мақсатында демеуші контентін үнемі орналастыратын, заңды және жеке тұлғалардың жарнамалық науқанына қатысудан кіріс алу мақсатында осы науқандарға ресми тұлға ретінде қатысатын тұлға».

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісі жанынан
Қоғамдық палатаның төрағасы

 **А. САРЫМ**